



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

В качестве примера РГТФ можно назвать Евразийскую группу по противодействию легализации преступных доходов и финансирования терроризма (ЕАГ), которая была создана 6 октября 2004 года. Государствами-участниками являются Беларусь, Индия, Казахстан, Китай, Кыргызстан, Россия, Таджикистан, Туркменистан и Узбекистан. При этом группа имеет 15 государств и 19 международных и региональных организаций в качестве наблюдателей. Деятельность ЕАГ направлена на оказание содействия государствам региона в создании надлежащих правовых и институциональных основ противодействия отмыванию денег и финансированию терроризма, соответствующих стандартам ФАТФ. В рамках этой деятельности ЕАГ проводит взаимные оценки соответствия национальных систем ПОД/ФТ своих государств международным стандартам, анализирует типологии в сфере легализации преступных доходов и финансирования терроризма с учетом особенностей евразийского региона, а также реализует программы технического содействия государствам-членам группы, включая обучение кадров. Новой вехой развития для ЕАГ стало подписание 16 июня 2011 г. межправительственного соглашения о Евразийской группе по противодействию легализации преступных доходов и финансированию терроризма. Соглашение утвердило статус Группы как межправительственной организации, с собственным бюджетом, функционирующей на принципах равного участия государств – членов в её деятельности [7].

Деятельность ФАТФ в сфере борьбы с финансированием террористической деятельности занимает особое место в борьбе с терроризмом как глобальной проблемой. На сегодняшний день ФАТФ является самым лучшим примером сильных и слабых сторон нового подхода борьбы с терроризмом – пресечение каналов финансирования террористической деятельности.

Список использованных источников:

1. Мелкумян К. С. ФАТФ в противодействии финансированию терроризма (специфика подхода) // Вестник МГИМО. - 2014. – № 1. – Т. 34. - С. 88-96
2. Roth J., Greenburg D., Wille S. National Commission on Terrorist Attacks upon the United States: Monograph on Terrorist Financing, Staff Report to the Commission. – Washington, DC, - 2004. - p.19.
3. Report of the Official Account of the Bombings in London on 7th July 2005 // <http://www.homeoffice.gov.uk/documents/7-july-report?version=1>
4. Terrorism Financing and State Responses: A Comparative Perspective / Ed. by Giraldo J. K., Trinkunas H. A. Stanford: Stanford University Press, 2007. - 365 p.
5. Новые риски финансирования терроризма: отчет ФАТФ. – 2015 // http://www.cbr.ru/today/anti_legalisation/fatf/Emerging-Terrorist-Financing-Risks_Russian.pdf
6. Перечень государств (территорий), которые не выполняют и (или) недостаточно выполняют рекомендации ФАТФ // [http://kfm.gov.kz/ru/to-help-sps/a-list-of-states-\(territories\)-that-do-not-perfor/](http://kfm.gov.kz/ru/to-help-sps/a-list-of-states-(territories)-that-do-not-perfor/)
7. Официальный сайт ЕАГ // <https://eurasiangroup.org/ru>

ӘОЖ 338.2

«САНДЫҚ ҚАЗАҚСТАН» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӘСЕРІ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Махамбетова Нурзат Акбаровна

nurzat_19_09_97@mail.ru


Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар мамандығының студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.М.Азмұханова

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған кезеңнен қазіргі таңға дейін қарқынды

даму үстінде. Жаһандық әлемде, халықаралық аренада өз орнын нықтап қойғаны баршаға аян. Ендігі мәселе Қазақстанды әлемдегі дамыған елдер рейтингінде алдыңғы қатарға қалай шығаруға болады. Бұл, әрине, тек дамыған 30 ел қатарында аты жазылып тұруы ғана емес, сонымен қатар, халықтың өмір сүру деңгейінің жоғарылауы, елдің көркеюі мақсат болуы тиіс. Мақсатқа жету барысында «30 ел қатарына кіру үшін не істеу керек?» сынды сұрақ туындайтыны сөзсіз. Бұл сұраққа жауап беру үшін, ең алдымен, «дамыған елдер» қатарына қай елдер жататынын, олардың жеткен жетістігін саралау керек. (Қосымша – 1)[1].



«Сандық экономика» терминін ең алғаш рет 1995 жылы американ информатигі Николас Негропonte қолданды. Осы тақырыптағы негізгі зерттеулерді OECD (Экономикалық ынтымақтастық және Даму Ұйымы) эгидасы астында NESTA ұйымы жүргізді.[3] Сонымен қатар, сандық экономиканың бастауы болып табылатын дамыған «ақпараттық экономиканы» Д. Белл, Ф. Вебер, Д. Боде, Д. Вада, Х. Ханамари, Ф. Махлуп, А. Риис, А. Тоффлер және К. Эрроу секілді атақты ғалымдар зерттеді. Өз жұмыстарында олар жаңа экономиканы ақпараттық, коммуникациялық, интернет-экономика деп атады[4].

«Сандық экономика» терминіне әртүрлі түсіндірмелер беріледі. Соның бірнешеуіне көз жүгіртсек. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының жыл сайынғы шығып тұратын, «The Digital Economy» кітабында мынандай түсіндірме берілген: «Цифрлық экономика – электрондық коммерция арқылы тауарлар мен қызметтерді, сауданы жеңілдететін цифрлық технологиялар негізіндегі нарықтардан тұрады. Цифрлы сектордың кеңеюі соңғы жылдары экономикалық өсудің басты факторына айналды және сандық әлемге көшу тек технологиялық даму шеңберінен әлдеқайда асып кетті»[5]. Келесі, Еуропалық Одақ түсіндірмесінде «Сандық экономика - ақпараттық және коммуникациялық саладағы жаңа технологиялардың трансформациялық әсерінің нәтижесі. Бұл экономиканың барлық салаларына және әлеуметтік қызметке, мысалы, бөлшек сауда, көлік, қаржылық қызметтер, өндіріс, білім беру, денсаулық сақтау, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б. әсер етті» деген анықтама беріледі[6].

Жалпы қарапайым тілмен айтқанда сандық экономика – бұл ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолдану арқылы жүргізілетін электронды экономика деп айтуға болады. Қазақстан Республикасы да цифрлы экономикаға өз жолын «Сандық Қазақстан» бағдарламасын қабылдаумен бастады. Бұл бағдарламаны құруға негіз болған

Президенттің 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа жолдауы. Елбасы өз сөзін: «Әлемде кезекті төртінші өнеркәсіптік революция басталды» деп бастайды[7]. Осы орайда әлемдік өнеркәсіптік революциялар кезеңдері мен нәтижелеріне көз жүгіртсек. (Қосымша – 2)[8].

Өнеркәсіптік революциялар	Кезеңдері	Инновация	Нәтижесі
Бірінші өнеркәсіптік революция	XVIIIғ. соңы – XIXғ. басы	су және бу қозғалтқыштары, тігін машиналары, транспорт, механикалық құрылғылар	Аграрлы экономикадан өндірістікке өту, транспорт дамуы
Екінші өнеркәсіптік революция	XIXғ. 2 жарт. – XXғ. басы	жоғары сапалы болат, телефон, телеграф, электр энергиясы	Теміржолдар салынуы, электрификация, еңбек бөлінісі
Үшінші өнеркәсіптік революция	XXғ. Соңы – 1970 жж.	электроника дамуы, сандық түрлену, ақпараттық-коммуникациялық технологияны шығара бастау	Автоматизация және робототехника
Төртінші өнеркәсіптік революция	Термин 2011ж. Германияның Ні-Tech стратегиясы шеңберінде енгізілді.	интернет, жаһандық өндірістік жүйе, 3D принтерлер, тамақ синтезі, нейрожүйелер, өзі жүретін транспорт, гендік модификация, жасанды интеллект, т.б.	Таратылған өндіріс, жүйелік ұжымдық қолжетімділік, тұтынушы мен өндірушінің тікелей байланысы, бірлесіп қолдану экономикасы (car sharing)

Біз де бұл өнеркәсіптік революциялардан артта қалмай өтіп келеміз. Үш жаңғыруды бастан кешірдік. Елбасы өз жолдауында айтып кеткендей, бірінші жаңғыру КСРО бұршақтай бытырағанда, біз белімізді нық буып, өзіміздің жаңа мемлекетімізді құрдық. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көштік. Екінші жаңғыру тікелей «Қазақстан – 2030» стратегиясына және оның нәтижесіне байланысты болды. Қазақстан әлемдегі дамыған, бәсекеге қабілетті 50 мемлекет қатарына қосылды. Бұл үлкен жетістік десек артық айтпаймыз.

Келесі кезекте үшінші жаңғыру міндеті алдымызда тұр. Бұл жаңғыруды бастан кешіру үшін қиын да қатерлі сынақтарды өту керектігі күмән туғызбайды. «30 озық елдің» қатарына кіру және тұрақты даму үстінде болу үшін «Қазақстан – 2050» стратегиясының мақсаттарын және де «100 нақты қадам» ұлттық жоспарын жүзеге асыру міндеті тұр[7]. Оған қоса «Сандық Қазақстан» ерекше бағдарламасы қабылданып, жарқын болашаққа жол бастау үшін қадамымызды нық қойып алдық.

Қазақстанның сандық жүйеге көшуі бұл бағдарламаны қабылдамай тұрып-ақ басталған болатын. Оған мысал, электронды үкімет (e-Government) - барлық мемлекеттік органдарды біріктіретін және Интернет, электрондық терминалдар немесе ұялы телефон арқылы халыққа қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін бірыңғай жүйесі, Қазақстанда «egov» атымен ерекше белгілі. 2006 жылдың 12 сәуірінде eGov.kz электрондық үкімет порталы іске қосылды. Жыл сайын порталда жаңа қызмет көрсету салалары енгізіледі, құжаттар алу процесін жеңілдетеді. Бүгінгі күні 700-ден астам қызмет электрондық үкімет инфрақұрылымы арқылы қамтамасыз етілген. Осы жылдар ішінде eGov порталының көмегімен халыққа 168 миллионнан астам қызмет көрсетілді. Пайдаланушылардың ыңғайлылығы үшін 2014 жылы мобильді eGov қосымшасы әзірленіп, іске қосылды. Мобильді қосымшаның көмегімен сіз медициналық ұйымға тіркеле аласыз, шетелге шығып, тіпті некеге тұру үшін электронды өтініш жасай аласыз. Қазіргі уақытта eGov мобильді қосымшасы азаматтарға 83 қызмет түрі

мен қызметтерді, соның ішінде төлемдерді ұсынады. 2017 жылдың басында «eGov» мобильді қосымшасы «The world Government Summit» халықаралық саммитінде үздік және ең озық қолданба ретінде «First World Govtechineers Race-2017» сыйлығына ие болды. Және де «egov» Қазақстанның электрондық үкіметі БҰҰ рейтингінде Азия елдерінің арасында 7-орынға және даму деңгейі бойынша әлемде 33-ші орынды иеленді[9]. Бұндай жетістіктерге жету елдің сандық экономикаға әлдеқашан көшкендігін, енді алда одан да биік асуларды алуға көз тігіп отырғандығын дәлелдейді.

Ендігі кезекте «Сандық Қазақстан» бағдарламасының берері не және оның тигізер теріс әсері қандай деген сұрақтарға жауап беру үшін қосымшадағы SWOT-талдауға назар аударайық(Қосымша – 3).

SWOT-талдау. Сандық мемлекетке айнарудың оң және теріс жақтары (Қосымша-3).

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Өнімділіктің өсімі 2. Қоғам мен мемлекет арасында ашық диалог 3. Саяси басқарудағы жеңілдік 4. Қолжетімділік (әр салада) 5. Инвестициялардың тартылуы 6. Әртүрлі салалардағы трансформация 7. Кіші және орта бизнестің дамуы 8. Транспорт және логистика саласындағы жағымды өзгерістер 9. Әлемдік аренада жағымды имиджінің қалыптасуы	1. Егемендікке нұқсан (ұлт мәселесі жойылады) 2. Жұмыссыздықтың пайда болуы 3. Бәсекеге қабілеттіліктің төмендігі 4. Құндылықтардың жойылуы
Мүмкіндіктері	Қауіптері
1. Инновациялық даму 2. Технологиялық прогресс (жастарға жаңа мүмкіндіктер ашылуы)	1. Киберқылмыс (ұлттық қауіпсіздік) 2. Жеке адамға қауіп 3. Дискриминация

Жағымды жақтарына түсіндірме беретін болсақ, біріншіден, экономиканың цифрлық түрленуі еңбек өнімділігін одан әрі арттыру үшін маңызды тетік болып табылады. Жалпы бұл мәселеге байланысты 2017 жылдың қыркүйегінде Еуразиялық Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымы (ЕОЕС) «Электрондық цифрлық трансформациядағы еңбек өнімділігінің өсуі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізген болатын. Іс-шара барысында сандық технологияларды экономиканың нақты секторларына енгізу жана деңгейге жетуге және өндірісті елеулі түрде оңтайландыруға мүмкіндік береді деген ойлар айтылды. Әрине, ол автоматтандыру, роботтандыру немесе бір жүйелікке енгізу арқасында жүзеге асатын үдеріс.

Екіншіден, азаматтарға белгілі бір мәселелер бойынша тез арада өз пікірін айтуға мүмкіндік беру мемлекет үшін көптеген жағдайларда жұмыс сапасын жақсартуға көмектеседі. Мысалы, Құрама Штаттарда және Ұлыбританияда SeeClickFix және FixMyStreet сияқты мобильді қосымшалар пайдаланушыларға жолдардағы шұңқырларды, граффити және заңсыз тасталған қоқыстарды хабарлау мүмкіндігін береді[10]. Бұл халық пен мемлекеттің қоғамдағы болып жатқан келеңсіздіктерді бірігіп шешуіне жол береді.

Үшіншіден, саяси басқарудағы жеңілдік мәселесіне келсек, Эстония, Корея Республикасы немесе Сингапур сияқты цифрлық даму деңгейі жоғары елдер үкіметтері жылдам, ақпараттандырылған және жан-жақты саяси шешімдерді қабылдау үшін деректерді талдау құралдары мен цифрлық платформаларды қолдана бастады. Бұл саяси биліктің басқарудағы жеңілдікті қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Төртіншіден, әр саладағы қолжетімділік мәселесіне тоқталатын болсақ, цифрлану

нәтижесінде халықтың ақпараттық білімі артады деген сөз. Яғни, электронды сауда, интернет-банкинг, төлемдерді онлайн жасау, өзіне керекті ақпаратты білу арқылы уақыт жоғалтпай, қолайлы әрі жылдам түрде ала алады.

Келесі жағымды фактор, шетелдік тікелей инвестициялар - дамушы нарықтарға арналған капиталдың маңыздыкөзі болып саналады. «Сандық Қазақстан»бағдарламасы бойынша күтілетін инвестициялар көлемі келесі гистограммада көрсетілген. Нәтижесінде инвестициялар көлемі ұлғаю барысында жалпы бизнесті дамыту мәселесі тиімді шешіледідеп ойлаймын.



Ендігі кезекте, әртүрлі салалардағы трансформация тікелей сандық түрленуі тиіс салаларға байланысты. Оларға: өндіріс және электроэнергетика, тау-кен өнеркәсібі, мұнай-газ саласы, тау-кен және өңдеуші секторлар, ауылшаруашылығы, транспорт және логистика, денсаулық сақтау, білім беру жүйесі және т.б жатады. Мысалы, білім беру жүйесінде Қазақстандық көптеген Жоғарғы оқу орындары «Баллондық жүйеге» көшкен, оқу үдерісінде автоматтандырған «Platonus» ақпараттық жүйесі қолданылады, ал, денсаулық сақтау саласына лазерлік ота жасау, компьютерлік томографиялар, сандық терапия және т.б. ноу-хаулар енгізілуде.

Келесі шағын және орта бизнестің цифрлы технологияларды пайдалануға көшу үдерісіне белсенді қатысуы болашақта нарықта өздерінің позициясын нығайтуға және жаңа нарықтарды иеленуге мүмкіндік береді.

Ал тағы бір оңтайлы жағдай бұл - автокөлік және теміржол көлігінің маңыздылығын қалпына келтіру мәселесінің көтерілуі, өйткені ол теңіз тасымалы мен әуе тасымалдарына қарағанда арзанырақ. Сондықтан экономикалық транзиттік нүкте ретінде қызмет ете алатын өңірлер логистикалық хабтарды құруда ерекше артықшылығы бар. Қазақстан өз экономикасының шикізаттық емес экспортқа деген теңгерімін қалпына келтіруге ұмтылып келе жатқандықтан, көлік жүйесін жаңғырту аса маңызды болып табылады. Қазақстан транзит қауіпсіздігі мен жылдамдығын арттыра отырып, ол негізгі транзиттік дәліз ретінде әрекет ете алады. Оған қоса, Қытайдың «Бір жол, бір белдеу» бағдарламасы бойынша елімізге келетін пайда біршама болғалы тұр. Сондықтан транспорт және логистиканы цифрландыру Қазақстан үшін маңызды[11].

Енді бағдарламаның берер мүмкіндіктеріне келсек, инновациялық даму сандық мемлекетке көшуді жоспарлап отырған әр елге керекті міндеттің бірі. Мысалы, Оңтүстік Корея, Жапонияның ғылыми-технологиялық прогресі және де Еуропалық Одақтың «Көкжиек-2020» инновациялық бағдарламалары дамыған елдердің тәжірибесі ретінде үлгіге алынады. Ол үшін әрине, ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары базасында, венчурлық қорлар, технопарктер салу негізінде реализацияны жүзеге асыру

қажет.

«Сандық Қазақстан» бағдарламасының тигізер жағымсыз әерлерін талдай кетсек. Эксперттер болжауы бойынша, болашақта мемлекет, ұлт қауіпсіздігі мәселесі екінші орынға түсіп, адамның жеке бас қауіпсіздігіне, адамзат құқығына мән берілетін болады. Бұл жаман немесе жақсы деп айту біраз саралауды қажет етеді. Бірақ жаһандануға кіріскеннен кейін, сандық әлемде бір қазанда қайнаған соң, «ел егемендігі» ұғымы артта қалары сөзсіз.

Екіншіден, өнеркәсіп пен қызметтерді автоматтандыру адамдарды машиналар ауыстырады деген сөз. Бұрын техникалық прогресс әрқашан кәсіптер мен лауазымдарды өзгерістерге ұшыратып, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құрған болатын. Бірақ сонда да, тым төмен біліктілігі бар және қарапайым салада қызмет атқаратын жұмысшылар орындарынан айырылатын. Еңбек нарығын цифрландыру нәтижесінде төмен біліктілігі бар жұмысшылар, ұзақ мерзім жұмыссыз болып жүргендер, кәсіби біліктілігін арттырмайтындар жұмыссыздыққа душар болары сөзсіз.

Келесі жағымсыз фактор, экономикалық өсуге ықпал ететін негізгі механизмдерінің бірі - бәсекелестік. Ақпараттық ағымдар өсуде және жеделдетілуде - нәтижесінде тұтынушылар таңдау жасай алады және бағаны салыстыруға мүмкіндік болады. Технологияларды тиімді пайдаланатын компаниялар өсіп, басқаларды өздерінің үлгісіне еліктеуге мәжбүр етеді[10]. Бұл категорияны әлсіз тұсқа жатқызу себебім, Қазақстан компаниялары үшін шетелдік брендке айналған компаниялар деңгейіне жету өте үлкен қиыншылық туғызады.

Тағы бір теріс әсер Қазақстан секілді өз тарихын, салт-дәстүрін, ата-баба мұрасын қастерлейтін халыққа құндылықтарын жоғалту мүмкіндігі әсер етері екіталай болғанымен, «Заманына қарай талабы» демекші, әрбір жас ұрпақ өз кезеңіне сай өмір сүреді. Ал, өзіне тартатын виртуалды әлем, сананы оңай жаулап алатын электронды технология адами қасиеттерді кейінге ысырып қоюы мүмкін. Қазірдің өзінде біреуді балағаттау немесе жамандық тілеу күнделікті іске айналған іспетті. Бұған қарсы тұру үшін отбасы, қоғам және мемлекет бірігіп қызмет істеуі тиіс. Елбасының «Рухани жаңғыру» жобасы осыған нағыз дәлел бола алады.

Енді маңызды, қауіп тудыруы мүмкін жағдайларға тоқталсақ. Біріншіден, киберқылмыс - жеке деректерді ұрлау, дұрыс қорғалмаған деректер қате қолға түседі. Бұл мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Алайда, бұл мәселеге бағдарламада үлкен маңыздық берілген. «Бағдарлама шеңберінде киберқауіпсіздікті күшейту Қазақстан Республикасының ақпараттық жүйелерінің ақауларға төзімділігін арттыру, АКТ контурын қорғау және жалпыға бірдей ақпараттық қауіпсіздікті техникалық құралдардан бастап, қоғамдық желілердегі азаматтар мен компаниялар үшін қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін құруға баса назар аударады» деген арнайы бөлім бар[2].

Екіншіден, құпиялылық - жаңа ақпараттық технологиялармен байланысты ең үлкен проблемалардың бірі. Біз туралы ақпаратты қадағалау және бөлісу қазіргі өзара әрекеттестіктің маңызды бөлігі болып табылады[11]. Қай әлеуметтік желіде болмасын біз туралы мәлімет сақталып қалады. Сонымен қатар, қазіргі кезде адамның орналасқан жерін көрсететін қосымшалар пайда бола бастады. Бұл жеке бас қауіпсіздігіне үлкен нұқсан келтіреді деп ойлаймын.

Үшіншіден, дискриминация, күштінің әлсізге басымдылық көрсетуі, сандық әлемде де болуы ықтимал. Яғни, тұтынушылардан жоғары сыйақылар немесе пайыздық мөлшерлемелерді алу кезінде кемсітушілік жасау немесе қате ақпаратқа байланысты адамдарды жұмысқа алудан бас тарту мәселелері пайда болуы мүмкін.

Қорытындылай келе, сандық мемлекетке айналудың жағымсыз жақтарына [7] қарағанда оң әсері басым болып шықты[11]. ХХІ ғасыр күн сайын жаңарып, өзгеріп келе жатыр. Біз жаңа ғасыр тарихын қалыптастырып жатқан қоғамбыз. Әлем ең ірі ақпараттық-коммуникациялық төңкерісті басынан кешіріп жатыр. Қазір жеңіске жететіндер – ол, тек заманға сай икемді өмір сүретін халық. Үшінші жаңғыруға қадам басар алдында оны жақсылап зерделеу және мемлекет үшін ғана емес халық үшін әсеріне мән беру өте маңызды.

Қазір планетаның 40% тұрғындары интернетке шығу мүмкіндігі бар, күн сайын Google желісіне 4 млрд. сұраныстар келеді. Бұл әлемнің бірте-бірте сандық түрленуге өтіп жатқанының белгісі. Ал, мұндай жағдайда «Мемлекет не істеуі керек?» деген сұрақ туындайды. Ең басты міндет, цифрлы экономикаға көшіп қана қоймай, халықтың өмір сүру деңгейін көтеру, өміріне қауіпсіздіктің төнбеуі және әр саланың қарапайым халыққа қолжетімді болу мәселесін алға тарту. Жоғарыда жасалған сараптамаға назар аударсақ, осы міндеттердің барлығы «Сандық Қазақстан» бағдарламасында қарастырылғандығын байқаймыз. Бұл бағдарламаның ерекшелігі болашаққа жасалған бағдарды нақ қоя отырып, түпкі мақсаттың орындалуын қамтамасыз ету үшін әрбір саланың қамтылуы, бүге-шүгесіне дейін түсіндірме берілуі. Шетелдік мемлекеттердің тәжірибесін үлгі ретінде алып, жеке жоспарды жасау бұл бағдарламаға тағы бір маңыздылық береді. Кем тұстарын айта кетсек, өте ауқымды жоба болғандықтан сөздің сөз күйінде қалып қалу қаупі. Санға емес сапаға көп мән берілсе нұр үстіне нұр болар еді. Жалпы, сандық экономиканы дамыту үшін ұлттық IT-секторды дамыту, инновациялық технологияларды құруды ынталандырудан бөлек, оларды халықаралық деңгейге көтеру үшін шетелдермен ынтымақтастықты күшейтуге де мән берілуі тиіс деп ойлаймын. Мақаланы ұлы ойшыл Махатма Гандидің: «Шынайы экономика – әділеттілікке негізделген, барлық адамдарға, соның ішінде кедейлерге де тең үйлестіріледі және әрбір адамға лайықты өмір сыйлайды»[12] деген нақылын мысалға ала отырып, қандай экономика болмасын халықтың жағдайын көтеру үшін өмір сүрсе екен деймін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. World Development Indicators: Gross Domestic Product 2017. Дүниежүзілік Банк статистикалық мәліметтері
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.12.2017 жылғы №827 қаулысымен бекітілген «Сандық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. https://primeminister.kz/rupage/view/gosudarstvennaya_programma_digital_kazahstan#31
3. И.А. Соколов, В.П. Куприяновский, Д.Е. Намиот, В.И. Дрожжинов, А.Ю. Быков, С.А. Синягов, О.И. Карасев, А.П. Добрынин, «Государство, инновации, наука и таланты в измерении цифровой экономики (на примере Великобритании)», International Journal of Open Information Technologies, 2017ж. <https://cyberleninka.ru/article/v/gosudarstvo-innovatsii-nauka-i-talanty-v-izmerenii-tsifrovoy-ekonomiki-na-primere-velikobritanii>
4. Кужукеева Кенжегуль Мурзатаевна, «Цифровая экономика как направляющий тренд в подготовке кадров нового типа» http://ksu.edu.kz/images/news/slider/2016/portfolio/cifrovaya_ekonomika_kak_napravlyayu_wij_trend_v_podgotovke_kadrov_novogo_tipa.pdf
5. OECD Hearings «The Digital Economy», 2012ж. <http://www.oecd.org/daf/competition/The-Digital-Economy-2012.pdf>
6. Добрынин А.П., Черных К.Ю., Куприяновский В.П., Куприяновский П.В., Синягов С.А. «Цифровая экономика - различные пути к эффективному применению технологий (BIM, PLM, CAD, IOT, SMART CITY, BIG DATA и другие)», International Journal of Open Information Technologies, 2016ж. <https://cyberleninka.ru/article/v/tsifrovaya-ekonomika-razlichnye-puti-k-effektivnomu-primeneniyu-tehnologiy-bim-plm-cad-iot-smart-city-big-data-i-drugie>
7. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nnazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar
8. J'son & Partners Consulting, «Мировой опыт и перспективы развития Индустриального (Промышленного) Интернета Вещей в России» <https://www.crn.ru/news/detail.php?ID=113441>
9. Egov.kz рсеми сайты «Электронное правительство РК – 11 лет во благо населения» http://egov.kz/cms/ru/news/egov_11years
10. Группа Всемирного Банка. Доклад о мировом развитии, «ЦИФРОВЫЕ

<http://documents.worldbank.org/curated/en/224721467988878739/pdf/102724-WDR-WDR2016Overview-RUSSIAN-WebRes-Box-394840B-OUO-9.pdf>

11. Индустрия 4.0: Подготовка Казахстана к четвертой промышленной революции. Проект отчета - Декабрь 2016 года. <http://kamisti.kostanay.gov.kz/zagruz/20170324.pdf>

12. Махатма Ганди. Джек Гомер. «Мудрость Ганди». 1979ж. 460-461 бет.

УДК 336.1

«КРИПТОВАЛЮТА: РОЛЬ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ»

Мулькибаева Маржан

mo-12.2016@mail.ru

Студентка кафедры международных отношений, факультета международных отношений
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Б. Батишева

Человеческое общество невозможно представить без денег. Деньги — специфический товар максимальной ликвидности, который является универсальным эквивалентом стоимости других товаров или услуг. Развитие денег неразрывно связано с развитием всей человеческой цивилизации. Товары, продукты и оружие, монеты различных видов от костяных до золотых, бумажные банкноты, акции – это только малая часть того, что было и до сих пор используется в качестве денег.

С развитием компьютерных технологий и сетей связи мир вступил в эпоху

«электронных денег». Монеты и банкноты постепенно заменяются пластиковыми платежными картами, а в сети Интернет работает множество платежных систем, изначально созданных только для электронных платежей, таких как PayPal, WebMoney, Яндекс.Деньги. В настоящее время, цифровые валюты не выпускаются национальными центральными банками [1].

Но прогресс не стоит на месте, и сейчас мы наблюдаем рост криптовалют — абсолютно нового платежного средства XXI века, которое имеет ряд существенных отличий от других видов электронных денег. На сегодняшний день криптовалютами пользуется множество людей во всем мире.

Первоначально удалённые платежи осуществлялись прямой пересылкой наличных денег. При этом стороны сделки не обязаны были доверять друг другу. Для продавца главное — получить деньги и убедиться в их подлинности. Если всё в порядке, то к покупателю больше вопросов не будет. Для покупателя главным было иметь подтверждение отправки денег, чтобы с продавца можно было требовать исполнения обязательств. Со временем появились посредники, которым доверяли обе стороны сделки. Покупатель передавал представителю посредника деньги, а продавец в другом месте от другого представителя получал их. Физически деньги не всегда надо было транспортировать, так как мог использоваться предварительный запас. Это позволило ускорить и удешевить платежи, сделать их безопаснее. Одним из дополнительных свойств таких платёжных систем стала возможность блокировать или отменять платежи. С развитием компьютерных технологий всё чаще возникала потребность в электронных платежах [2]. Но попытки создать «электронные деньги», которые можно было бы передавать между компьютерами так же легко и надёжно, как наличные, не приводили к успеху. Проблемой была способность компьютеров делать точную копию любой цифровой информации, что потенциально могло приводить к многократному использованию для разных платежей одних и тех же «монет». Покупатель мог оплатить товар, а потом направить точную копию электронной «монеты» другому продавцу. Лишь сторонний доверенный посредник мог гарантировать продавцам отсутствия спора о платеже. Именно контроль со стороны посредника позволяет продавцу